

**"Қылмыспен келтірілген материалдық залалды өтеу жөнінде заңдарды соттардың қолдану тәжірибесі туралы" ССРО Жоғарғы Соты Пленумының 1979-жылғы 23-наурыздағы N 1 қаулысын (Пленумының 1984-жылғы 25-сәуірдегі N 7 қаулысымен енгізілген толықтыруларымен қоса) Республика соттарының орындау барысы туралы**

### *Күшін жойған*

Қаулы Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумы 1990 жылғы 19 наурыз N 1 (Қазақстан Республикасы (Қазақ КСР) Жоғарғы Соты Пленумы қаулыларының жинағы, 1997 ж., 1 том, 179 бет). Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы N 1 нормативтік қаулысымен.

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы N 1 нормативтік қаулысымен .**

Қылмыспен келтірілген материалдық залалды өтеу туралы сот практикасын қорыту нәтижелерін талқылай келіп, Пленум республика соттары заңдарды негізінен дұрыс қолданып, СССР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда аталған қаулысының талаптарын орындайтынын атап көрсетеді. Сонымен бірге олардың қызметінде елеулі кемшіліктер де бар.

Соттар әлі күнге дейін алдын ала тергеу материалдарына қажетті талап қоймайды, қылмыс бойынша материалдық залал келтірілген адамдардың праволарының бұзылу жағдайларына, айыпты адамдардың мүлкіне дер кезінде тыйым салмау фактілеріне және азаматтық талап қоюды қамтамасыз ету үшін басқа шаралар қолданылмауына тиісінше назар аударып отырмайды, өздері де мұндай шараларды әрдайым қолдана бермейді. Кейде қылмыстық істерді талапкер мен жауапкерді шақырмай қарайды, материалдық залалдың сипаты мен мөлшері туралы дәлелдемелерді толық зерттемейді. Жекелеген соттар залалды өтетү туралы шешімдерді тиісінше дәлелдемейді, кейде азаматтық талаптарды қараусыз қалдырады. Кассациялық және қадағалау инстанцияларының соттары көбінесе істерді қарау кезінде соттар жіберген қателіктерді жоюға шара қолданбайды.

Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Пленумы қаулы етеді:

1. Республика соттарының назары қылмыстық істегі азаматтық талаптарды шешуде орын алып отырған кемшіліктерге аударылсын және олардан заң талаптарын, "Қылмыспен келтірілген материалдық залалды өтеу жөнінде заңдарды соттардың қолдану практикасы туралы" ССРО Жоғарғы Соты Пленумының 1979-жылғы 23-наурыздағы N 1 қаулысының (Пленумның 1984-

жылғы 25-сәуірдегі N 7 қаулысымен енгізілген толықтыруларымен қоса) талаптарын сөзсіз орындау талап етілсін.

2. СССР Жоғарғы Соты Пленумының аталған қаулысының 4-тармағына сәйкес айыпкерді сотқа берген кезде азаматтық талап қойылған ба, оны қамтамасыз етуге шаралар қолданылған ба, тиісті адамдар азаматтық талапкер болып танылған ба және жауапкер ретінде тартылған ба деген мәселелерді соттың анықтауы қажет.

Талапты сот мәжілісінде қарау үшін жеткілікті негіздер бар деп танылғаннан кейін сот (судья) айыпкерді сотқа беру туралы ұйғарудың (қаулының) баяндау бөлігінде мұны атап көрсетіп, ал қорытынды бөлігінде, азаматтық талапкер немесе олардың өкілдері ретінде сотқа шақырылуға тиіс адамдарды көрсете отырып, қылмыстық іспен бірге талаптың қарауға қабылданғанын, ал қажет болған ретте талапты өз ынтасымен қамтамасыз ету шараларын да көрсетуге міндетті.

Талап соттың қарауына жатпайтын кезде немесе талап бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соқтыратын өзге мән-жайлар болған жағдайда ұйғаруда (қаулыда) тиісті шешім атап көрсетуі тиіс.

3. Егер іс бойынша азаматтық талап қойылса, онда Қылмыстық істер жүргізу кодексінің 29, 30-статьяларының, Азаматтық істер жүргізу кодексінің 163-статьясының мағынасы бойынша талап жөніндегі арыз сот мәжілісінде жариялануға, ал азаматтық талапкерден, жауапкерден немесе олардың өкілдерінен талап бойынша жауап алынуға тиіс екендігі соттарға түсіндірілсін.

4. Соттар айыпкердің қандай әрекетінен немесе әрекетсіздігінен залал келтірілгенін, мұның қандай дәлелдемелермен расталатынын, залалдың мөлшері қандай екендігін, оның неден құралатынын, заңға сәйкес материалдық жауапты болатынын және өндіру кімнің пайдасына шешілетінін мұқият анықтауы қажет.

Басқа адамдардың иелігіндегі мүлік сотталушынікі екенін, сондай-ақ жұбайлардың не колхозшы ауласы мүшелерінің бірлескен меншігі қылмыстық жолмен табылған қаржыға алынғанын анықтағаннан кейін сот тиісті дәлелдемелер келтіре отырып, бұл туралы үкімде көрсетіп, сөйтіп залалды өтеу осы мүліктерге де қойылуы мүмкін екендігін көрсетуге тиіс.

Материалдық жауапкершілікті жүктеген кезде СССР Жоғарғы Соты Пленумының жоғарыда аталған қаулысының 12-тармағының ортақ және үлесті жауаптылық жөніндегі талаптары қатаң басшылыққа алынсын.

Қаулының аталған тармағында баяндалған, бірлескен іс-әрекет арқылы залал келтірген сотталушыға, егер өндіріп алудың мұндай тәртібі талапкердің мүддесіне сай келсе және залалдың өтелуін қамтамасыз етсе, сот ортақ жауапкершілік емес, үлесті жауапкершілік жүктеуге праволы екендігі туралы түсініктемеге соттардың назары аударылсын.

5. СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1979-жылғы 23-наурыздағы N 1 қаулысының 5-тармағына сәйкес қылмыстық істе Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 14-статьясының 2-10-тармағында, 14-1, 14-2-статьяларында көзделген негіздер бойынша ісі қысқартылған адамдарға материалдық залалды өтеу міндетін жүктеуге болмайтындығы соттарға атап көрсетілсін.

6. Егер шешім сотталушыны ауырырақ қылмыс үшін айыпты деп тануға немесе басқа түрде оның жағдайын нашарлатуға, қорғану правосының бұзылуына әкеп соқтырмайтын жағдайда ғана сот сотталушыдан талап арызында көрсетілген сомадан көп сома өндіре алады.

Қылмыстық істе сотталушының қылмыстық іс-әрекетіне байланысты емес залалды өндіріп алу туралы азаматтық талапты қарауға жол берілмейді.

7. Айыптау үкімін шығара отырып, сот Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 295-статьясына сәйкес азаматтық талапты Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 251-статьясында көзделген реттерде азаматтық талапкер немесе оның өкілі келмеген жағдайда ғана қараусыз қалдыруға праволы.

8. 15 жастан 18 жасқа дейінгі жасы толмағандардың келтірген материалдық залалын ата-аналардың (бала ғып алушылардың) өтеу міндеті Азаматтық кодекстің 446-статьясына сәйкес ол кәмелетке толғаннан кейін немесе залалды өтеуге жеткілікті мүлкіне еңбек табысы пайда болған кезде тоқтатылатынына соттардың назары аударылсын.

9. СССР Жоғарғы Соты Пленумының 1979-жылғы 23-наурыздағы N 1 қаулысының 19-тармағына сәйкес соттар анықтама және алдын ала тергеу жүргізген кезде жіберілген материалдық залалды өтеу туралы заңды бұзудың әрбір жағдайына назар аударуы керек.

10. Қазақ ССР Жоғарғы Сотының Қылмыстық істер жөніндегі сот коллегиясы, облыстық және Алматы қалалық соты қылмыстық істе соттардың

азаматтық талапты дұрыс қарауын қадағалауды күшейтсін, бұл мәселе жөніндегі сот практикасын ұдайы қорытып, кемшіліктерді жоятын болсын.

Мамандар:

(Қасымбеков Б.А.)

(Икебаева Ә.Ж.)